

Арыс қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы

Түркістан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 194 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 31-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 қаулысына және "Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 66 бұйрығына сәйкес, Арыс қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі жаңа редакцияда бекітілсін.
2. Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ә.Әділбеков "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін қолданыстағы заңға сәйкес Әділет органдарында тіркеуден өткізсін.
3. Осы қаулының орындалуын Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ә.Әділбековке жүктелсін.
4. Осы қаулының орындалуын қала әкімінің орынбасары Е.Қуандық жүзеге асырсын.

Арыс қаласының әкімі

Қ.Манқараев

Арыс қаласы әкімдігінің
2025 жылғы "_4_" __сәуір__
№_194_ қаулысына қосымша

Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1-тарау. Жалпы ережелер.

1. Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі –Мекеме) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады;

2. Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомстволық бағынысты мекемелері бар:

1) Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Асыл жүрек" әлеуметтік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3. Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады;

4. Мекеме мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады;

5. Мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды;

6. Мекеме, егер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар;

7. Мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды;

8. Мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі;

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 160100, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Арыс қаласы, Т. Тәжібаев көшесі, №1;

10. Осы Ереже Мекеменің құрылтай құжаты болып табылады;

11. Мекеменің қызметін қаржыландыру, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес, республикалық және жергілікті бюджеттерден жузеге асырылады;

12. Мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен Мекеменің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады;

Егер Мекемеге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері.

13. Мақсаттары:

- 1) халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) Мекеменің басқаруындағы мекемелердің қызметін үйлестіру;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де мақсаттарды жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- Мекеме мұдделерін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда білдіру;
- өз құзыреті шегінде лауазымды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттарды, құжаттарды және басқа да материалдарды сұратып алуға;
- Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мекемелердің қызметін ұйымдастыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;
- Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің, аудан әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;
- мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақытылы көрсетуді қамтамасыз ету;
- мекемелерге қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау

15. Функциялары:

- 1) ведомствоға бағынысты мекемелердің қызметін үйлестіру;
- 2) өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау жөніндегі және әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығаратын арнайы комиссиясы жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру;
- 3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес, бюджет қаражаты қажеттілігін болжau және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- 4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету;

- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуметтік қемекті жергілікті бюджет қаражаты есебінен тағайындау және төлеу;
- 6) жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау және қажетті шаралар қолдану;
- 7) коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдармен өзара әрекет ету;
- 8) өмірлік қызын жағдайға ұшыраған адамға (отбасыға) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету туралы шешім шығару;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, кәмелетке толған азаматтарға қатысты қамқорлық пен қорғаныштық бойынша функцияларды жүзеге асыру;
- 10) құзыреті шегінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін іс-шараларды іске асыру;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру;
- 12) жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын азаматтарға "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік қемек" көрсетеді;
- 13) бюджет қаражаты есебінен "Тұрғын үй" қомегін көрсетеді;
- 14) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;
- 15) Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы;
- 16) Протездік-ортопедиялық қемек бойынша;
- 17) Сурдотехникалық құралдармен қамту бойынша;
- 18) Тифлотехникалық құралдармен қамту бойынша;
- 19) Арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамту бойынша;
- 20) Санаторий-курорттық емделу бойынша;
- 21) Қозғалуға қындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке қомекшінің қызмет көрсетуі бойынша;
- 22) Есту кемістігі бар мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері бойынша;
- 23) Міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету бойынша;

3-тaraу. Мемлекеттік органның басшысының мәртебесі, өкілеттіктері.

16. Мекемені басқаруды басшы жүзеге асырады, ол Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады;
17. Мекеменің басшысы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады;

18. Мекеме басшысының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасын еңбек заңнамасына сәйкес, қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады;

19. Мекеме басшысының өкілеттігі:

1) басшыларды лауазымға тағайындейді және лауазымнан босатады:

Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Асыл жүрек" әлеуметтік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, мекеме қызметкерлерін қызметке тағайындейді және қызметтен босатады;

3) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелей, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жазалар қолдану мәселелерін шешеді;

4) бұйрықтарды шығарады және Мекеменің барлық жұмыскері үшін орындалуға міндетті нұсқаулар береді;

5) Мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;

6) белгіленген еңбекақы төлеу қоры мен саны шегінде Мекеме мен ведомстволық бағынысты мекемелері жұмыскерлерінің штат кестесін бекітеді;

7) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және Мекеменің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын бекітеді;

8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауап береді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мекеменің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Мекеме басшысы өз орынбасарының өкілеттігін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгілейді.

4-тарау. Мемлекеттік органдың мүлкі.

21. Мекеменің "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан

Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады;

22. Мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады;

23. Егер "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында өзгеше белгіленбесе, Мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату.

24. Мекемені қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мекемесінің қарамағындағы үйымдардың тізбесі:

Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Асыл жүрек" әлеуметтік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.